

# Жергілікті қамту жөніндегі саясат



## Саясат туралы қағида

НКОК Н.В. компаниясының жергілікті қамту жөніндегі саясаты Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (СКӨБК) мен қолданыстағы заңнаманың ережелерімен реттеледі, сонымен қатар НКОК Н.В. компаниясының мақсаттарына, тұжырымдамасына, құндылықтарына, бизнесінің бағыт-бағдарлары мен міндеттеріне негізделген.

НКОК Н.В. компаниясы Жергілікті қамту мүмкіндіктерін барынша арттыруға және жергілікті жабдықтаушыларға қолдау көрсетуге міндеттенеді, бұл ретте төмендегі қағидаттар мен талаптарды ұстанады:

- Жергілікті қамтуды басқару жүйесі мен Жергілікті қамту жоспарын әзірлеп, олардың тұрақты түрде компания қызметкерлеріне хабарлануын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- Дүние жүзі бойынша басқа ірі халықаралық жобаларда Жергілікті қамту саласында қалыптасқан озық тәжірибені қолдану;
- Жергілікті қамтудың дамуына жағдай жасау мақсатында жергілікті салалық бастамаларға белсенді түрде қолдау көрсету;
- Жалпы мердігерлік стратегияның дамуына ықпал ететін Жергілікті қамту жөніндегі стратегияны әзірлеу.

## Міндеттер

Жергілікті компанияларды дамытудың негізгі коммерциялық себептері:

- Кен орнын пайдалану лицензиясы – СКӨБК мен жергілікті қолданылатын заңнама талаптарын сақтау және мемлекет үмітін ақтау;
- Тұрақты даму – Мұнай операцияларын жүзеге асыру үшін өзара тиімді және қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасы экономикасының өркендеуіне және қоғамның әлеуметтік дамуына үлес қосу;
- Коммерциялық артықшылықтар – СКӨБК қолданылатын мерзім бойына Жергілікті қамтудың тұрақты дамуын қолдау үшін СКӨБК шеңберіндегі Өндірістік операциялар барысында шығындар көлемін азайту мақсатында Қазақстанның жергілікті кадрлары мен компанияларының мүмкіндіктерін кеңейту және әлеуеттерін арттыру;
- Бәсекелі нарық – дүниежүзілік стандарттарға сай тауарлар, жұмыс және қызмет түрлерінің көздерін ашу мақсатында жергілікті бәсекеге қабілетті жабдықтаушыларды дамытып, олардың мүмкіндіктерін арттыру.

## Көлемі


НКОК Н.В. компаниясы жергілікті қамтуды барынша арттыру мақсатында:

- Жергілікті мердігерлердің материалдарын сатып алуды қамтамасыз етіп, олар көрсететін қызметтер бойынша келісімшарттар жасасады;
- НКОК Н.В. компаниясы мен қосалқы мердігер компанияларда қазақстандық кадрларды жұмысқа қабылдап, оларды дамытады;
- НКОК Н.В. компаниясының ұзақ мерзімді тұрақты коммерциялық пайдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның жергілікті кадрлары мен компанияларының мүмкіндіктерін кеңейтіп, әлеуеттерін арттырады.

## Негізгі қағидаттар

- Жергілікті қамту мүмкіндіктерін дамыту барысында жоба ДЕҚОҚ пен сапаға және басқа да мердігерлік шарттарға қатысты қағидаттарды бұзбайды;
- Үшінші тараптардың тартылуы көзделген келісімшарттарды беру және индустрияландыруды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде Жергілікті қамтуды дамытудың мақсаттары мен негізгі факторлары ескерілетін болады;
- НКОК Н.В. компаниясы қызметінің қағидаттарына сай жергілікті қамтудың дамуы тұрақты болуы тиіс.

*Компанияның осы Жергілікті қамту жөніндегі саясатын қолдау және орындау – НКОК Н.В. компаниясының барлық қызметкерлерінің міндеті, бұл ретте осы саясаттың қолданылуы мен орындалуы үшін басты жауапкершілікті Басқарушы директор атқарады.*

  
Бруно Жан Сесиль Жардэн,

Басқарушы директор

Ақпан-2016